

«БЕКІТЕМІН»

ҚПДО директоры

_____ О.Н. Комарова

2022 жылғы «05» қаңтар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК медициналық қызметкерлерінің әдеп кодексі

1. Осы Қазақстан Республикасының Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК медициналық қызметкерлерінің Әдеп кодексі (бұдан әрі – Әдеп кодексі) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 274-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Ар-намыс кодексі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – ҚПДО) медициналық қызметкерлерінің жалпы қағидаттары мен моральдық-этикалық нормаларының жиынтығын білдіреді.

3. ҚПДО медициналық қызметкерлері кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде және корпоративтік мәдениет үшін осы Әдеп кодексінің ережелерін сақтайды.

4. ҚПДО медициналық қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) бейтараптық;
- 2) адалдық және объективтілік;
- 3) әдептілік;
- 4) кәсіби құзыреттілік;
- 5) мінсіз мінез-құлық;
- 6) адалдық;
- 7) ақпараттың құпиялылығы;
- 8) адамгершілік;
- 9) тәуелсіздік.

5. Өз қызметінде ҚПДО медициналық қызметкері:

1) өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындайды, еңбек тәртібін сақтайды, өз жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

2) жоғары моральдық және адамгершілік өлшемшарттарға сәйкес келеді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларды сақтайды;

3) клиникалық тиімділігі дәлелденген емдеудің заманауи әдістері мен технологияларын басшылыққа алады;

4) өзінің кәсіби білімін, дағдыларын, құзыреттері мен кәсіпқойлығын үздіксіз жетілдіреді;

5) Қазақстан Республикасының медицина қызметкері жоғары атағынын беделін түсіруге қабілетті әрекеттер немесе әрекетсіздіктер жасамайды;

6) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрады;

7) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;

8) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен бұзушылықтар жасауға жол бермейді;

9) жеке мәселелерін шешу мақсатында қызметтік жағдайды пайдалануға жол бермейді, медициналық өнімдерді жарнамалауға және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер алу фактілеріне жол бермейді;

10) жеке үлгісімен орнықты моральдық-психологиялық жағдай жасауға және ұжымда корпоративтік әдеп пен қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға ықпал етеді;

11) азаматтардың Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесіне сенімін нығайтуға ықпал етеді;

12) Ар-намыс кодексінің нормаларын сақтауға ықпал етеді.

6. Пациенттермен қарым-қатынаста ҚПДО қызметкерлері:

1) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшырамайды;

2) пациенттің жеке өміріне және құпиялылық құқығына құрметпен қарайды;

3) пациенттің мүддесі үшін ғана шешім қабылдайды;

4) кәсіптік қызмет шеңберінде мұқтаж адамға оның тұрған жері мен уақытына қарамастан медициналық көмек көрсетеді;

5) өз денсаулығын сақтау үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіреді.

7. Әріптестермен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:

1) іскери этикет пен қызметтік тәртіп ережелерін сақтайды;

2) әріптестерінің немесе ұйымның аты мен беделіне нұқсан келтіретін жанжалды жағдайлардан аулақ болдырмайды.